

**Д. Сағындықов, 3-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Б. А. Жақыпов, қылмыстық процесс кафедрасының**  
**доценті, заң ғылымдарының кандидаты**  
**(ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)**

## **ҚОРҒАУШЫ — ДӘЛЕЛДЕУ СУБЪЕКТІСІ**

Қазақстанның құқық жүйесін өзгерту, сайысушылық қағидасының жаңа түсінігіне байланысты істегі сот пен іске қатысушы тараптардың дәлелдемелерді ұсынудың қатал тәртібін, қылмыстық іс жүргізудің нормаларын жетілдіруді қажет ететін қылмыстық сот өндірісі сатыларындағы дәлелдеу процесінің кезеңі.

Өзінің қажеттілігі мен қиындылығына қылмыстық іс жүргізу заңының ережесі дәлелдеу процесінің нақтылануы, жетілдіруді және дамытуды қажет етеді.

Осыған сәйкес, қылмыстық істегі дәлелдеуді жүзеге асыратын субъектілерді анықтау өзекті мәселелердің бірі ретінде танылады.

Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу субъектілерінің ішінде қорғаушыға тоқтала кеткен дұрыс деп ойлаймын. Оның құқықтары ҚР ҚДЖК 125-бабында көрсетілген. Қорғаушы ұйымдардан іс үшін маңызды құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмесін сұрауға құқылы. Ұйым құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмесін беруден бастартуы мүмкін. Осындай жағдайда қорғаушы тергеу органына немесе сотқа жүгіну арқылы ала алады. Соған сәйкес қорғаушы бірінші топ субъектілерінің алдында тәуелді болады.

Қазақстан Республикасында сот ісін жүргізу тараптарының бәсекелестігі мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асырылады. Бұл жерде айыптау тарапы мен қорғау тараптарының бәсекелестігі тең құқықтылығы негізінде жүзеге асырылады деп ҚР ҚДЖК-нің 23 бабында көрсетіле кеткен. Сонымен қоса ҚР ҚДЖК-де тергеушімен жүргізілетін тергеу әрекеттерін тізіп көрсете кеткен. Тергеуші тергеу әрекеттерін жүргізу барысында іске қатысты барлық дәлелдемелерді жинайды, бекітеді, зерттейді және оған баға береді. Ал қорғаушыға тоқталатын болсақ, қорғаушы тергеу әрекеттерін жүргізе алмайды. Себебі, қорғаушының тергеу

әрекеттерін жүргізу құқығының болмауында. Менің ойымша, қорғаушыға белгілі бір көлемде тергеу әрекеттерін жүргізу құқығын қамтамасыз ету немесе қорғаушыны дәлелдеме көздерімен қамтамасыз етіп отыратын арнайы жеке детективтік қызметті жүзеге асыратын қызмет түрін қалыптастыру. Қорғау тарапының кемшілігі сонда болып тұр деп ойлаймын.

Алғашқыда сайысушылық және тараптардың тең құқылы қағидасы келесі мыналардан көрініс табады: алдын ала тергеу сатысында, сезіктіні ұстау кезінде (тұлға қорғаушы көмегін алуға құқылы) сезіктіге ұстау хаттамасы мен қамау түрінде бұлтартпау шарасы қолданылғаны туралы қаулы хабарланғанда және айыпталушы ретінде қаулы шыққанда.

Егер сайысушылық қағидасы әрекет етпесе, қылмыстық істі қозғау сатысында, сонымен қоса алдын ала тергеуде, ондай жағдайда айыптау тарабы алдын ала тергеуді жүргізу кезінде айыптау жағына ауытқып жүреді, істің негізі алдын ала тергеуді жүргізетін тарапқа қарай ауытқиды, ол тарапқа прокурор, тергеуші, анықтау органы және анықтаушы жатады. Айыптау тарабына қарсы тұратын тарап бұл — қорғаушы.

Тағыда айта кететін бір жайт, сайысушылық қағидасы нашар жұмыс істейді. Алдын ала тергеуде айыптау тарабына қарағанда, қорғаушының құқығы шектеулі.

Прокурор айыптауды қолдайды, барлық іс материалдарға басшылық етеді. Қорғаушы құқықтарына, өкілетті органдардың іс-әрекеттеріне және шешімдеріне шағым білдіруге, заң кеңесі көмегін беру кіреді. Алдын ала тергеуде қорғаушының рөлі, ал қарама-қарсы тарап басым, олардың мүмкіндігі жоғары. Ал сот талқылауында қорғау тарабы басым болады, себебі осы сатыда тараптар тең құқылы.

ҚР ҚДЖК-дегі 72-бабының 2-бөлігінде көрсетілгендей, сезіктінің, айыпталушының, сотталушының өтініші бойынша қылмыстық істі жүргізуші органмен қорғаушы қамтамасыз етіледі. Оларға, сот, сотқа дейінгі іс жүргізуде прокурор, тергеуші, анықтау органы, анықтаушы жатады. Осыған сәйкес, ҚР ҚДЖК-де айыпталушыны (сезікті) қорғаушымен тергеу тарабымен қамтамасыз етілетіні көрсетілген, бірақ ол қалай жүзеге асырылатыны нақтыланбаған.

Іс тәжірбиесінде кейбір жағдайлар кездеседі, мысалы, тергеуші айыпталушының (сезіктіні) құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін қылмыстық істі өндірісіне алғанда өзі жүгінетін, өзінің бір қатар кезекші қорғаушылары болады. Сайысушылық қағидасы бұзылды деп осыны айтуға болады.

Бұл жағдайда айыптау тарабы айыпталушыны (сезіктіні) қорғаушымен қамтамасыз ете отырып, өзіне таныс қорғаушыны шақырады. Бұл жағдайда қорғаушы тергеушімен ара қатынасын бұзбау үшін тергеуге қарсылық білдірмейді.

Осы айтылғандардан алдын ала тергеуде сайысушылық қағидасы кей жағдайларда көрініс табады. Мысалы, қорғаушының дәлелдеу процесіне қатысуы. Кей жағдайда қылмысты қудалаушы органға тәуелді, алдын ала тергеуде алынған ақпараттың нақты қылмыстық істің дәлелдеу пәніне қатыстылығы тергеушіге байланысты. Сонымен қоса құқық нормасы ҚР ҚДЖК-нің 74-бабының 2-бөлігінде көрініс тапқан. Қорғаушы құжаттарды, іске қатысты заттарды жинауға және ұсынуға құқылы. Дәлелдемелерді де жинауға құқылы.